



Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2019 жылғы
5 қыркүйектегі № 231
кауысымен бекітілді

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

Петропавл қаласы

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) коммерциялық ұйым, жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Солтүстік Қазақстан облысы білім басқармасы әкімшілігінің 1993 жылғы 30 тамызындағы №151 бұйрығына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы).

4. Кәсіпорынның мұлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.

Құрылтайшының заңды мекенжайы:

150011, Солтүстік Қазақстан облысы,

Петропавл қаласы,

Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

Тиісті саланың уәкілетті органының заңды мекенжайы:

150011, Солтүстік Қазақстан облысы,

Петропавл қаласы,

Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

6. Кәсіпорынның атауы:

Мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное казенное предприятие «Высший колледж имени Магжана Жумабаева» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы,

150000

Солтүстік Қазақстан облысы,

Петропавл қаласы, Абай көшесі, 28.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес тенгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және

Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардың қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндettі түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

12. Кәсіпорын өз міндettемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Кәсіпорында қаржы қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, оның міндettемелері бойынша Құрылтайшы тиісті бюджет қаражатынан субсидиарлық жауаптылықта болады.

Кәсіпорынның тиісті қаржы жылына қаржыландырудың бекітілген жоспарынан асатын шарттық міндettемелерді қабылдаудына жол берілмейді.

13. Кәсіпорын негізгі орта және жалпы орта білім, орта білімнен кейінгі білім негізінде, жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіптік білім негізінде техникалық және қызмет көрсету енбегінің білікті кадрларын даярлау бойынша жалпы орта білім бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік білімнің біріктілігендегі модульдік бағдарламаларын іске асыратын коммуналдық мемлекеттік қазыналық білім беру кәсіпорны болып табылады, заңды тұлғаның құқықтары мен міндettтерін пайдаланады.

14. Кәсіпорында білім беру процесі мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

15. Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

16. Кәсіпорында саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен үйымдардың үйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

17. Кәсіпорын қызметінің мәні техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (колданбалы бакалавриат) бағдарламалары бойынша оқу процесін үйымдастыру болып табылады.

18. Кәсіпорын қызметінің мақсаты бюджеттік, шарттық негізде, күндізгі және сырттай, қашықтықтан оқыту нысандары бойынша тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен еңбек нарығында сұранысқа ие техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің базалық мамандықтары бойынша білім алушыларды қабылдауды жүзеге асыру болып табылады.

19. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) білім беру саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

2) кадрларды даярлауды жетілдіру, білім беру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында Кәсіпорын жанында жұмыс істейтін жалпы білім беретін мектеп-лицейге оқушыларды қабылдауды жүзеге асыру;

3) шарт негізінде оқу жоспарынан тыс қосымша білім беру қызметтерін көрсету;

4) жаңа мамандықтар бойынша бағдарламаларды, жаңа педагогикалық технологиялар бойынша әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және сынақтан өткізу, оқытудың инновациялық әдістемелерін, модульдік және кредиттік технологияларын пайдалану;

5) кадрларды үздіксіз даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды, қысқа мерзімді даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру және өткізу;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Құрылтайшымен келісім бойынша үй-жайларды сату құқығынсыз жалға беру.

20. Кәсіпорын медициналық қызмет көрсетуге алған лицензияға сәйкес студенттерге алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетеді.

21. Кәсіпорын осы жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылды емес.

22. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Тиісті саланың уәкілетті органының немесе Құрылтайшының, прокурордың арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

23. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен каржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндепті көлемдерін айқындаиды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) коммуналдық мұлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

8) Кәсіпорынның мұлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

9) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

10) Кәсіпорынның мүлкін есепке алушы үйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

11) жыл сайын Кәсіпорынның енбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді..

24. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынды ұстауға арналған сметаны (шығыстар жоспарын) бекітеді;

2) Кәсіпорынның басқару органдарының құрылымын, қалыптасу тәртібін және өкілеттік мерзімін, шешім қабылдау тәртібін айқындайды;

3) Кәсіпорын басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босату негіздерін айқындайды;

4) Кәсіпорынның құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

5) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі.

25. Педагогикалық кеңес, Қамқоршылық кеңес Кәсіпорынды басқарудың алқалы органдары болып табылады.

26. Кәсіпорынның басқару органы директор болып табылады.

27. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

28. Директор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша орынбасарларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кәсіпорынның жарғысында өзгеше қарастырылмаса, Кәсіпорын директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

30. Кәсіпорын директоры:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді;

2) білім беру үйымы қызметкерлерінің басқару құрылымын, штат кестесін, лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) білім алушылардың контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;

4) қоғамдық тамақтандыру, медициналық қызмет көрсету және олардың жұмысын бақылау үйымдарының техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында жұмыс істеуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді;

5) жұмыс берушілермен және әлеуметтік серіктестермен жұмысты үйлестіреді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Қәсіпорынның мұлкі мен құралдарына иелік етеді, оқу-материалдық базаның есебін, сақталуын және толықтырылуын, санитарлық-гигиеналық режим ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

7) материалдық-техникалық базаны қайта жарақтандыруды және қайта ұйымдастыруды ұйымдастырады;

8) педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық етеді;

9) білім беру ұйымының білім беру қызметінің саласын қолдау және кеңейту мақсатында білім берудің инновациялық технологияларын енгізуі және тартуды қамтамасыз етеді;

10) кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыруға жағдайлар жасайды;

11) үздіксіз қәсіптік оқыту бойынша білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады;

12) жүртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (оларды алмастыратын адамдармен) жұмысты үйлестіреді;

13) жоғары тұрған, қоғамдық және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымын ұсынады;

14) әлеуметтік әріптестік пен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

15) Тиісті саланың уәкілетті органына оқу, ғылыми және қаржы қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

16) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды;

17) шарттар жасайды және өзге де мәмілелер жасайды;

18) сенімхаттар береді;

19) банк шоттарын ашады;

20) Қәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

21) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Қәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

22) Тиісті саланың уәкілетті органына өз орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатураларды ұсынады;

23) өз орынбасарларының және Қәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

24) ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

25) Қәсіпорын қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауына дербес жауапты болады.

31. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қәсіпорынның директоры:

- 1) білім беру үйымы білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің, қызметкөрлерінің құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына;
- 2) өз құзыретіне жатқызылған функциялардың орындалмауына;
- 3) үлгілік оқу жоспарлары талаптарының бұзылуына;
- 4) білім беру үйимдары білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің және қызметкерлерінің оқу және тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығына;
- 5) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйіне, оның ішінде материалдық және қаржы қаражатының нысаналы пайдаланылмауына;
- 6) Кәсіпорында сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды үйымдастыруға жауапты болады.

32. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5. Білім беру процесін үйымдастыру

33. Кәсіпорында білім беру процесін үйымдастыру «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады және келесі білім беретін оқу бағдарламалары іске асырылады:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламалары және бакалавриат бағдарламалары. Интеграцияланған білім беру бағдарламаларын Кәсіпорын әзірлейді. Интеграцияланған білім беру бағдарламалары пәнаралық және деңгейаралық болуы мүмкін.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің интеграцияланған, модульдік бағдарламаларын және бакалавриат бағдарламаларын зерделеуді қарастырады;

2) техникалық және қызмет көрсету енбегінің жаппай кәсіптері бойынша кадрлар даярлау;

3) күрделі (аралас) кәсіптері мен жоғары технологиялармен және кәсіптік қызметпен байланысты экономиканың барлық салаларындағы жұмыстарды орындаудың практикалық дағдыларын меңгеру;

4) орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары.

34. Оқу процесі өндірістік оқыту шебері мен (немесе) арнайы пәндер оқытушыларының басшылығымен әлеуметтік серікестерді тарту арқылы оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында және оқу полигондарында орындалатын теориялық сабактар мен өндірістік оқытуды қамтиды.

35. Кәсіпорын бар мүмкіндіктерге сүйене отырып және студенттердің сұраныстарына сәйкес оқу (зерделеу) тілін өз бетінше анықтайды.

36. Кәсіпорындағы оқу жылы 1 қыркүйектен басталады және 1 шілдеден кешіктірмей аяқталады.

37. Оқу топтары мамандықтар бойынша 25 адамнан аспай жинақталады. Студенттердің апталық жүктемесі оқу жоспарымен белгіленеді.

Толық оқу жылындағы демалыс ұзақтығы кемінде 10 аптаны құрайды. Жұмыс беруші-тапсырыс берушінің қаражатынан жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлауды қаржыландыру кезінде оқу топтарының толықтырылуын Кәсіпорын шартқа сәйкес анықтайды.

38. Кәсіпорында теориялық және өндірістік оқытууды ұйымдастырудың негізгі нысаны сабак болып табылады. Бұдан басқа дәрістер, семинарлық сабактар, әңгімелесу, консультациялар, өздік және зертханалық-практикалық, факультативтік сабактар өткізіледі.

39. Қазақ және шет тілдерін, информатиканы оқу кезінде және зертханалық жұмыстар мен практикалық сабактарды жүргізу кезінде саны 20 және одан да көп адам болатын оқу тобы саны 12-13 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінуі мүмкін. Теориялық оқыту сабағының ұзақтығы 45 минут, кажет болған жағдайда 2 сабактан кейін 5-10 минут ұзіліспен пәндер бойынша қосарланған сабактарға жол беріледі.

40. Студенттердің өндірістік практикасы Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында жүргізіледі. Оқу практикасы оқу-өндірістік шеберханалар, зертханалар базасында, кәсіпорындарда жүзеге асырылады. Жұмыс оқу жоспарлары әлеуметтік серіктестермен келісіледі.

41. Бағдарламаны менгерудің табыстылығы, білім, білік және дағдылар сапасы бес балдық жүйе бойынша бағаланады: 5 (үздік), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлықсыз).

42. Кәсіпорында кәсіптік дайындық дағдыларын игеруді кезеңдік бақылау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес студенттерді кезең-кезеңмен аттестаттау жүргізіледі.

43. Қорытынды аттестаттауға толық оқу курсын бітірген, кәсіптік циклдің барлық пәндері мен өндірістік оқыту бойынша оң бағалары бар студенттер жіберіледі. Студенттер белгіленген аурулар тізбесіне сәйкес медициналық комиссия негізінде сырқаттануына байланысты емтихан тапсырудан босатылуы мүмкін.

44. Студенттерді келесі курсқа ауыстыру тәртібі студенттерді ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау негізінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нысанда және тәртіппен рұқсат етіледі.

45. Оқуды аяқтаған студенттерге мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес келетін білім алуды қуәландыратын мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

46. Кәсіпорынға оқуға қабылдау азаматтардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Конкурс шарттары білім алу құқықтарының сақталуына кепілдік беруге және тиісті деңгейдегі кәсіптік оқу бағдарламасын игеруге неғұрлым қабілетті және дайындалған азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

47. Студенттерді Кәсіпорынға қабылдау «Техникалық және кәсіптік

білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 18 қазанындағы №578 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

48. Педагогикалық қызметпен айналысуға тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

49. Кәсіпорында жұмыс істеуге педагогикалық қызметке сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған, сондай-ақ занда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сottылығы бар адамдар жіберілмейді.

50. Кәсіпорын мен әкімшілік қызметкерінің қатынасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына және басқа да нормативтік актілерге сәйкес жасалған еңбек шартымен реттеледі.

51. Кәсіпорынның педагог қызметкерлері құқылы:

1) кәсіптік қызмет үшін жағдайларды қамтамасыз ете отырып, педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуғе;

3) жеке педагогикалық қызметке;

4) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптарын сақтаған жағдайда педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

5) білім беру ұйымдарын басқарудың алқалық органдарының жұмысына қатысуға;

6) ұзақтығы төрт айдан аспайтын бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыруға;

7) біліктілік санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

8) мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі педагогикалық қызметтегі табыстары үшін моральдық және материалдық көтермеленуге;

9) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

10) әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

11) педагогикалық өтілі сақтала отырып, ғылыми қызметпен айналысу үшін шығармашылық демалысқа;

12) білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға.

52. Педагог қызметкерлер міндettі:

1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білім мен оқыту дағдыларын менгеруғе;

2) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары адамгершілік, ата-аналарды, этномәдени күндылықтарды құрметтеуге, қоршаған ортага ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

5) өзінің кәсіби шеберлігін, интеллектуалдық, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіруге;

6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

7) педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға;

8) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) оқу тобының жетекшісі және оқу кабинетінің менгерушісі бекітілген оқу аудиториясындағы мүліктің санитарлық жай-күйі мен сақталуын бақылауды жүзеге асыруы тиіс;

10) еңбек міндеттерін еңбек шартына, лауазымдық нұсқаулықтарға, басшының бұйрықтарына және Кәсіпорынның жарғысына сәйкес орындауға.

53. Педагог қызметкер педагогикалық әдеп міндеттері мен нормаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

6. Кәсіпорынның білім алушылармен және олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынасын ресімдеу тәртібі

54. Кәсіпорынның білім алушылармен және олардың ата-аналарымен және басқа да заңды өкілдерімен қарым-қатынасын ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

55. Кәсіпорын студенттері құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес таңдаған мамандығы бойынша сапалы техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім алуға;

2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қыскартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шенберінде окуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін, білім алуға;

5) білім беру ұйымын басқаруға қатысуға;

6) бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына немесе бір оқу нысанынан басқасына қайта қабылдану және көшірілуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен білім беру ұйымдарында акпараттық ресурстарды тегін пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге;

- 9) спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы тегін пайдалануға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;
- 11) өз пікірі мен сенімдерін еркін білдіруге;
- 12) өзінің адами қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 13) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуына;
- 14) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен қоса атқаруға;
- 15) Кәсіпорынның өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 16) қосымша, оның ішінде ақылы білім беру қызметтерін алуға;
- 17) Кәсіпорын қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге, оларды іске асыруға қол жеткізуге.

56. Студенттер міндетті:

- 1) кәсіби шеберлікті, ғылым негіздерін білуді адал игеруге, білімді өз бетінше толықтыра білуге және оларды практикада қолдануға, ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысуға;
- 2) қоғамдық пайдалы өндірістік еңбекке жеке үлес қоса отырып, оқу, еңбек және өндірістік тәртіпті, еңбек гигиенасы мен еңбекті қорғау талаптарын мүлтіксіз сақтауға;
- 3) мемлекеттің мүлкі мен меншігін сақтауға және нығайтуға, табиғатты қорғауға және оның байлығын еселеуге;
- 4) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, салауатты өмір салтын ұстануға, дене шынықтырумен айналысуға, өзін-өзі Отан қорғауға дайындауға;
- 5) оқу процесі кезінде зайырлы сипаттағы киім киүгө, түрлі конфесиялардың діни тиесілілік киім элементтерін киімге қосуға жол берілмейді;
- 6) шығындарды толық өтей отырып, маманды даярлауға арналған шартқа сәйкес уақытында оқу ақысын төлеуге.

57. Ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларды оқыту толық мемлекеттік қамтамасыз ету негізінде жүзеге асырылады.

58. Студенттерді оқу кезінде авариялардың, дүлей зілзалалардың салдарын жою жағдайларын қоспағанда, оқу процесіне қатысы жоқ жұмыстарға жұмылдыруға тыйым салынады.

59. Оқудағы ерекше жетістіктері мен табыстары, қоғамдық өмірге белсенді қатысқаны үшін студенттер үшін әртүрлі моральдық және материалдық көтермелегендерін белгіленеді:

- алғыс;
- ата-аналарға алғыс хат;
- сыйлықақы;
- бағалы сыйлық.

Көтермелегендерін түрлерін таңдауды оқушы инженерлік-педагогикалық ұжымның ұсынысы бойынша Кәсіпорын басшылығы жүзеге асырады.

60. Кәсіпорынды тамамдаған және мемлекеттік аттестаттаудан өткен бітіруші студенттерге кәсіптік білім және біліктілік деңгейі бойынша белгіленген үлгідегі Қазақстан Республикасының құжаты беріледі.

Аралық аттестаттау қорытындысы бойынша:

- 1) біліктілік (разряд, сынып, санат);
- 2) күрделі (аралас) кәсіптер бойынша біліктіліктің жоғары деңгейі.

Оқуды аяқтаған соң және қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін білім алушыларға «орта буын маманы», «қолданбалы бакалавр» біліктілігі беріледі.

61. Өндірістік оқыту, арнайы және жалпы техникалық пәндер бойынша оку жоспарының басқа пәндерінің кемінде 75%-іне ие қорытынды бағасы «5» (үздік), ал қалған пәндер бойынша «4» (жақсы) деген бағасы бар, мемлекеттік аттестаттаудан «5» (үздік) баға алған және қоғамдық жұмысқа белсенді қатысқан тұлектерге Кәсіпорын үздік үлгідегі құжат береді.

62. Кәсіпорын кәмелетке толмаған білім алушылардың ата-аналарын және өзге де заңды өкілдерін төмендегідей мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді:

- 1) оку және тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ өз балаларының үлгерімімен, мінез-құлқымен және оку жағдайларымен танысу;
- 2) Кәсіпорынның басқару органдарының жұмысына қатысу.

63. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

- 1) білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде Кәсіпорынға жәрдем көрсетуге;
- 2) балалардың оку орнындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге.

64. Жарғыны, Ішкі тәртіп ережелерін жүйелі түрде бұзғаны, себепсіз сабақтан босатқаны үшін студенттерге Кәсіпорыннан шығаруға дейінгі ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

65. Материалдық залал қасақана келтірілген жағдайда оның құны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кінәлі адамнан алынады.

7. Кәсіпорынның мұлкі

66. Кәсіпорынның мұлкін құны оның тенгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

67. Кәсіпорынның мұлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

68. Кәсіпорынның мұлкі:

- 1) оған Құрылтайшы берген мұлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерінің есебінен қалыптастырылады.

69. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен

көзделген қызметтің қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлкі болуы мүмкін.

70. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

71. Жедел басқарудағы мұлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мұлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына туследі.

72. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мұлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынга бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мұлікті өз тенгеріміне бекіткен сәтінде туындаиды.

73. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

74. Кәсіпорынның мұлкіне жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

75. Кәсіпорын осы жарғының 85-тармағында көзделген жағдайларды коспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мұлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті Құрылтайшының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

76. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мұлікке дербес билік етеді.

8. Кәсіпорынның қызметтің қаржыландыру

77. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қарожаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

78. Кәсіпорын бухгалтерлік есеп жүргізеді және заңнамаға сәйкес есеп береді.

79. Кәсіпорын қаржы-шаруашылық қызметтің тексеруді және ревизиялауды заңнамада белгіленген тәртіппен Тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

80. Кәсіпорын өзіне бекітілген мұлікті және оған смета бойынша бөлінген қарожат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

81. Кәсіпорын Құрылтайшының келісімінсіз мұлікті сата алмайды, жалға

бере алмайды.

82. Кәсіпорынды қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен шығыстар сметасын басқаруды жүзеге асыратын Тиісті саланың уәкілетті органы бекітken негізде жүзеге асырылады.

83. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттен тыс қаражатты тарту мақсатында кәсіптік оқытуды (техникалық және кәсіптік білім беру мамандарын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру) ұйымдастыру бойынша ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге құқылы.

84. Кәсіпорын оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында және оқу полигондарында шығарылатын өз өндірісінің өнімдерін өткізуге құқылы.

Егер кәсіпорынға кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған кірістер кәсіпорынның мұқтаждарына жіберіледі.

85. Кәсіпорынның оқу-материалдық базасын дамыту бюджеттік қаржы белу және бюджеттен тыс меншікті қаражат шегінде жүзеге асырылады. Осы қаражат есебінен оқу мақсаттары үшін де, өнімді, халық тұтынатын тауарларды өндіру үшін де және осы жарғыда көзделген басқа да қызмет үшін де шикізат, материалдар, жабдықтар сатып алу жүзеге асырылады.

86. Кәсіпорын мен Құрылтайшы, Кәсіпорын және Тиісті саланың уәкілетті органы, Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

87. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

88. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

89. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен қураған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

9. Кәсіпорынның есебі және есептілігі

90. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандарттармен немесе халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге

асырылады.

91. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік тенгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

92. Мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

93. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы Кәсіпорынның тарату жағдайларын қоспағанда, Кәсіпорынның қалған мүлігін алып қоюға жол берілмейді.

94. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Құрылтайшы тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

95. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

96. Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленеді.

12. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

97. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

98. Қызметкер мен Кәсіпорынның еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

99. Оқытушылардың жұмыс уақыты сабактардың, үйірмелердің, секциялардың және басқа да іс-шаралардың негізгі және қосымша кестесімен анықталады. Жылдық оқу жүктемесі оқу жылының басында тарификациялық тізімді бекіту арқылы белгіленеді және педагогтардың айлық еңбекақысын анықтайтын негізгі құжат болып табылады. Сабактан бос жұмыс күндері оқытушылар өз бетінше даярлықпен, жұмыс орнын жетілдірумен, әдістемелік жұмыспен айналысады, студенттердің ата-аналарымен кездеседі.

100. Ауысыммен жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс уақыты

заңнамада белгіленген нормалар шегінде бекітілген кестемен айқындалады.

101. Қалған қызметкерлердің жұмыс аптасының ұзақтығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

102. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

103. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

104. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды Құрылтайшы жүзеге асырады.

105. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

106. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, жергілікті бюджеттің кірісіне аударылады.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

107. Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Құрылтайшы енгізеді.